

Жанғара Дәдебаев,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ

МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ – ДАРА ЫӘМ ДАНА ТҰЛҒА

Мұхаммед Хайдар Дулати – мәдениетаралық өрісі кеңбайтақ, өмірден көргені көп, білгені мол, ислам мәдениетінің адам, адамзат өмірінің мәні туралы ілімін терең игерген, ғылыми танымы кемел, тарих, халық алдында адал және таза, адамгершілік тұрғысы биік аса ірі шығармашылық тұлға. Оның «Тарих-и Рашиди», «Жаһан наме» атты шығармалары - қазақ әдебиеті мен мәдениетінің баға жетпес құнды ескерткіштері.

Мұхаммед Хайдар мырза «Тарихи-и Рашиди» шығармасын қасиетті кітап Құранның бөлімдерін сипаттаудан бастайды да, үшінші бөлімге арнайы назар аударып, оны өткен ұрпақтардың өмірін танытатын, бұрыс жолдан тыйып, тура жолға бастайтын тарих баяны ретінде бағалайды. Соның негізінде тарихи таным, тарих ғылымының танымдық және тағылымдық маңызы туралы қорытынды жасайды, өзінің осындай аса маңызды іске ден қойғанын, моғолдар мен моғол хандарының ислам дінін қабылдағаннан кейінгі тарихын жазбаққа бел буғанын жариялайды.

Бұл жерде автордың болашақ шығармасының пәніне қатысты ерекше көзқарасы белгілі болады: өткен ұрпақтардың тарихын баяндау - аса жауапты және мейлінше қасиетті іс. Бұған қарағанда, автордың жазбақ болып отырған шығармасы тарих туралы, тарих ғылымының ескерткіші болатыны туралы ойы әу бастан анық болғанға ұқсайды. Шығарманың мазмұны да осындай пікірге алып келеді. Сөйте тұра автор өзінің мақсаты оқымыстылығын көрсету емес, ислам жолындағы моғол хандарының аты уақыт парағының бетінен бір жола жоқ болып кетпеуі үшін, келер ұрпаққа есіндегілерін жазып қалдыру екенін айтады.

Шығармашылық мақсат аясында оның өз еңбегіне арқау болатын шындық құбылыстардың тобы белгілі болғаны аңғарылады. Бұл болашақ шығарманың не туралы жазылатынын, басқаша айтқанда, тақырыбын анықтаумен пара-пар. Осы мақсат, тақырып аясында баяндалатын оқиғалар негізінде түйінделетін өзекті ой, басты міндет – ел тұтқасын ұстаған әміршілер мен билеушілерге елдің азып-тозуы мен мемлекеттің бүлінуіне алып келетін зорлық істер жасаудан сақтанудың, елдің әлауқатының жақсаруы мен мемлекеттің мызғымас беріктігіне негіз болатын әділетті істерді істеудің маңыздылығын көрсету [339].

Жазылар шығармасының басты тақырыбы мен мақсатын, негізгі идеясы мен міндеттерін саралау мен анықтауға Мұхаммед Хайдар мырза тамаша тарихшы, жайсаң жазушы, кемеңгер мемлекет қайраткері ретінде

үлкен жауапкершілікпен қарайды: тарихи баяндау мен көркемдік бейнелеу талаптарын мемлекеттік басқару өнерінің шарттарымен ұштастырады.

Автор тарих туралы еңбегін тарихи шындықтан көз жазбай, есіндегілерін екшей отырып жазады, белгілі бір тарихи оқиғаны, тарихи болған істі баяндағанда, өз ойынан шығарып ештеңе қоспайды, тарихи романдарда кездесе беретін тарихи деректі өзгерту, құбылту, толықтыру сияқты көркемдік жинақтау тәсілдерін мүлде қолданбайды. Осы тұрғыдан келгенде, «Тарихи-и Рашиди» белгілі бір аймақтың белгілі дәуірдегі тарихи шындығын ешбір қоспасыз, боямасыз баяндаған әдеби ескерткіш және баламасы жоқ баянды дерек көзі болып табылады.

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы туралы аса бағалы, ғылыми маңызы зор ғылыми-ақпараттық дерек көзі болып отырған бұл еңбектегі мәліметтер ғылыми айналымға толық түсті, тиісті саралаудан өтті, пайымдалып болды деуге ерте.

1999 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Тарих-и Рашиди» авторының дүниеге келгеніне 500 жыл толуына арналған «Мұхаммед Хайдар Дулати: Ойшыл. Тарихшы. Жазушы. Қолбасшы» деген тақырыпта халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде «Мұхаммед Хайдар Дулати оқуларын» өткізу дәстүрге айналды. Конференциялар мен оқулардың материалдары жарық көрді. «Тарих-и Рашиди» мен «Жаһан наме» қазақ тіліне аударылып, баспадан шықты. Бұл, әрине, ғылыми маңызы зор елеулі жетістіктер екені анық. Алайда бұл бағытта тарих ғылымы ғана емес, басқа ғылымдар саласы бойынша да қарастырылуға тиісті өзекті мәселелер жеткілікті.

«Тарихи-и Рашиди» еңбегінде автор өзінің әлеуметтік-этикалық, әдеби-эстетикалық тұрғысынан таныған тарих шындығын бұрмай, бұрмаламай баяндайды және мұндай биік ұстанымға негіз болған қағидаларының мәнін ашады. Одан автордың өзіне тән шығармашылық даралығы көзге түседі.

Моғолдар мен моғол хандары туралы еңбегінің тарихи негізін түзетін дерек көздерін автор үш топқа бөліп жүйелейді: а) автордың ел аузынан естіген әңгімелері; ә) автордың өз көзімен көрген оқиғалар тобы; б) автордың өзі көзімен көрген оқиғалар мен ел аузынан естіген, бірақ ақылға симайтын, жазуға қол бармайтын жайсыз оқиғалар тобы. Автор бірінші топтағы дерек көздерін ықшамдап пайдаланады, екінші топтағы оқиғалар жүйесін кеңінен таратып баяндайды, ал үшінші топтағы оқиғалар тобын мүлде пайдаланбай, назардан тыс қалдырады.

Автордың ел аузынан естіген әңгімелері - сенімге лайықты, хан маңындағы белгілі қайраткерлердің, автордың жақын айналасындағы елге белгілі беделді адамдардың айтқандары. Олардың өзін автор басқалардың, көпті көрген кісілерінің айтқандарымен салыстырып, шындығына әбден көзі жеткен соң ғана пайдаланады. Онда да бәрін емес, ұзақ әңгімені қысқартып, көп сөзді азайтып, мыңнан бірді ғана таңдап, талғап алады, оқушыларының алдында көпсөзділікке салынғандай болып көрінуден, тіпті шындыққа

жанаспайтын жайларды айтқандай жоқ жерден жазықты болып қалудан сақтанады [1, 330].

Осы орайда Мұхаммед Хайдар мырзаның мына бір сөзінің мәні терең: «Егерде мен әсіре әрлеуді өзім үшін мүмкін деп есептесем, онда Аба Бакр мырзаның ланды істерін ешқашан баяндамаған болар едім, өйткені оның маған ағалық туыстығы бар. Егерде мен ол туралы жазбасам, онда оның істеген істері жабық күйінде қалар еді де, бұл өз кезегінде мен үшін шындықты айтудан жалтару әрі орны толмас олқылық болып шығар еді. Көп сөзділікке салынбау, сөйте тұра айтылуға тиіс жайды айту – шындық алдындағы парызым» [1, 330].

Шындықтың жүзін әркім көре алмайды. Шындықтың жүзін көру үшін кісінің көкірек көзі ашық болуы шарт. Кісінің көкірек көзінің ашылуы Жартатқанның қолында. Жартатқан лайық көрген кісісінің ғана көкірек көзін ашады. Шындықты айтуға, шындықтың шырайын бұзбай айтуға әркімнің әлі жетпейді. Шындықты айту, шындықтың шырайын бұзбай көрсету Алла білім берген адамдардың ғана қолынан келеді. Мұхаммед Хайдар мырза шындықтың жүзін көре білді, шындықты айтты, шындықтың шырайын бұзбай көрсетті.

Автордың ғалым-зерттеуші, тарихшы, жазушы ретінде басшылыққа алған әдіснамалық қағидаларының ерекшеліктері шындық алдындағы парызы туралы ойларында көрініс тапқан. Олардың тобынан мынадай бірнешеуін даралау дұрыс болар деп ойлаймыз:

- а) шындықты әсіре әрлеуге бармау;
- ә) шындықты айтудан жалтармау;
- б) көпсөзділікке салынбау;
- в) айтылуға тиіс жайды айту;
- г) шындық алдындағы парызға адал болу.

«Тарих-и Рашиди» бетінде осы қағидалардың әрі мен нәрі табиғи қалпында сақталған және әрқайсысына лайықты сипаттама берілген. Автордың эстетикалық идеалы тұрғысынан қарағанда, мына ұстанымдардың өмірлік маңызы зор: шындықты әсіре әрлеу баяндалып отырған оқиғаға оқушылардың сенімсіздігін туғызады; шындықты айтудан жалтармау керек деп көзбен көргенді де, құлақпен естігенді де талғамай, таным тезінен өткізбей жаза беру оқушының ойын кірлейді; мәнді, мағыналы, тағылымды шындықты айтпау тура жолдан тайдырады; көпсөзділік өтірікке әкеліп соғады; айтпауға болмайтын, айтылуға тиіс оқиғалар олардың ішкі мәні мен мағынасының оқушыларды дұрыстыққа бұйырып, бұрыстықтан тыю қуатына қарай анықталады...

Автордың ғылыми-шығармашылық еңбегінің методологиялық негізін түзетін басты қағидалары, ұстанымдары жалпыадамзаттық рухани құндылықтармен сабақтасып жатқан жарық та жарқын сипаттарымен бағалы. Өз еңбегіне, шығармасына арқау етіп алған оқиғалардың, олар туралы өзекті ойлары мен тұжырымдарының шынайы және оқушылар үшін пайдалы, ғибратты болуына деген берен көзқарас автордың тарих алдындағы,

халық алдындағы азаматтық парызына адалдығы мен тазалығын, ғылыми танымының тереңдігін, шығармашылық тұрғысының биіктігін білдіреді.

Мұхаммед Хайдар мырзаның «Тарих-и Рашиди» еңбегіне тарих шындығы арқау болды дегенімізбен, онда әлеумет этикасы, әдебиет пен өнер эстетикасы, мемлекет басқару өнері, тіршілік философиясы, теология сияқты салалар бойынша тарихи және ғылыми маңызы үлкен мәліметтер көрініс тапқан. Мемлекет қайраткерінің ізгі қасиеттерінің негіздері туралы ойлар - өз алдына бір бөлек рухани қазына, олар ғылым үшін маңызды, күнделікті тұрмыс-тіршілік үшін пайдалы. Мысалы, мына сөздер арқылы ашылатын ойлардың мағынасы терең, мәні үлкен, өзегі берік: «Бос тұрған төбеге доңыз шығады», «Өмір шілдедегі күнінің астындағы қар сияқты», «Өткен шақтың тыныс-лебі сол қалпында қайталанбайды», «Тікен ексең, гүл өседі деп ойлама», «Жамандықтың алдынан жамандық шығады», «Кұдай екінің бірін емес, лайық көрген құлын ғана қолдайды»... [336-341]. «Тарих-и Рашиди» кітабының алты бетінен іріктеліп алынған осы алты ауыз асыл сөздің өзінде бүгінгі күнге дейін қадірі мен қасиетін жоймаған таңғажайып даналық іздері сайрап жатыр. Кітапта халық даналығы мен автор даралығын танытатын мұндай асыл сөздердің бай қоры бар және олардың әрқайсысы белгілі бір тарихи оқиғаның мазмұнына сай айтылған байсалды баға, өзекті ой деңгейінде негізделеді.

Мұхаммед Хайдар мырзаның еңбегінде баяндалған асыл нұсқалы рухани құндылықтардың айдынды бір саласы - мемлекет басқару ісінің негіздерін түзетін қағидалар жүйесі. Бұл топтағы қағидалар жүйесі түрлі қайраткерлердің өмір тәжірибесі, білімі мен білігі, сөздері, шығармалары негізінде сараланғанмен, автордың әлеуметтік-этикалық танымы мен талғамы арқылы сараптан өтіп, маңызды, мәнді қасиеттерімен ғана ерекшеленеді. Осы орайда өз заманының заңғар ғұламасы Мұхаммед Қазидин Бурхан ад-дин Самаркандидің мемлекет басқару ісі туралы Мұхаммед Хайдар мырзаның сұрақтарына жауап ретінде жазған трактатын атап өткен дұрыс. Трактат мазмұны «Тарих-и Рашиди» кітабында мына тақырыптар бойынша баяндалған: а) адам баласының бұ дүниеде біліп не білмей жасайтын күнәлі істері (жеті түрі бір бөлек, он жеті түрі бір бөлек сипатталады); ә) мемлекет басқару шарттары (мемлекет басқарудың он шартына сипаттама беріледі). «Тарих-и Рашиди» авторының Са'ид ханнан алған тағылымы аясында баяндалатын қағидалар да маңызды. Әсіресе, автор Са'ид ханның жастарды мемлекет басқару ісіне баулу бағытындағы ақыл-кеңестерін зор ықыласпен қабылдайды. Мұхаммед Хайдар мырза жоғары бағалаған мұндай қағидаларды бүгінгі күн талаптары тұрғысынан қайта пайымдаудың маңызы үлкен.

Егерде жастар қызмет істемейтін болса, онда олар жақсы тәрбие алмайды. Жақсы тәрбие алмаған жастар ірі істерде, көптің алдында және хандар мен сұлтандардың, әмірлер мен бектердің мәртебелі өкілдері бас қосқан жиындарда қысылып-қымтырылып тұратын болады, жұрт ондайлармен санаспайды. Егер жастар үлкендерге ілесіп қызмет етсе, онда

мұндай істерге, мұндай істердің қыры мен сырына олардың көздері үйреніп, көңілдері толады да, қандай жиындарда да өздерін сенімді сезінетін болады. Соның арқасында олар елдің сеніміне ие болады, сөйтіп олардың мұндай қасиеттері дүниені билеу ісіндегі алып күшке негіз болады.

Егерде қызметке білімсіз, тәрбиесіз кісі келетін болса, онда ол басқаларға тиісті тапсырма бере алмайды, берілген тапсырманың орындалуындағы кемшіліктерді көрмейді, оларды түзетудің жолдарын білмейді [345].

Саид хан жастарды мемлекет басқару ісіне тәрбиелеудің пайдасы туралы ойларын айтып қана қоймайды, Мұхаммед Хайдар мырзаны бұл іске ұзақ жылдар бойы өзінің қасынан тастамай, түрлі істерді орындауға, басқаруға тікелей қатыстырады, жеткілікті тәжірибе жинап, қажетті тәрбие алған соң ғана оған биік билік тізгінін сеніп тапсырады. Жастарды мемлекет басқару ісіне тәрбиелеудің «Тарих-и Рашиди» авторы жоғары бағалаған мұндай үлгісі бүгінгі күнде де пайдалы болып отырғанында сөз жоқ. Сонымен қатар автордың қызметке тәрбиесіз кісінің келуінің зардаптары туралы ойларының тағылымдық маңызы зор деп білуіміз керек. Өйткені белгілі қызмет шегінде өзінің кәсіби міндеттерін талапқа сай орындай алмайтын, орындаудың жолдарын, әдістерін білмейтін, өз ісінің де, өзгелердің ісінің де кемшіліктерін көрмейтін, сезбейтін, тәрбие көрмеген қызметшілер әр кезде, әр салада болған, бар. Бірақ бұлар өздерінің тәрбиесінің жоқтығын сезбейді, білмейді, көрмейді. Солай бола тұра бұлар өздерін ең білімді, тәрбиелі, көреген жандардың қатарында бағалайды. Дүниенің, мемлекеттік мекеменің, мемлекеттік басқарудың берекесін кетіретін, жүйесін бұзатын, бір адым алға басқан аяғын екі адым кері кетіретін - осылар.

Автор мемлекет басқару ісі саласында маман тәрбиелеудің, мемлекеттік басқару саласында қызметке адам қоюдың реті, тәртібі жайында өмірлік мәні терең қағидалар қалыптастырды.

Мұхаммед Хайдар мырзаның «Тарих-и Рашиди» еңбегін жазудағы мақсаты зор, ол мақсатқа жету үшін таңдап, талғап алған міндеттері үлкен. Ел тарихын, ел тарихының шындығын жазуға телегей-теңіздей шалқыған шалқар білімі бар, бір халық үшін ғана емес, әр халық үшін, бір дәуір үшін ғана емес, әр дәуір үшін игілікті, ғибратты, пайдалы болатын ақыл-кеңесі бар кемел ойдың адамы ғана тәуекел ете алады. Ел тарихын, ел тарихының шындығын жазып отырғанда, ел тұтқасын ұстаған әмірлер мен билеушілер алдында елдің азып-тозуы мен мемлекеттің бүлінуіне алып келетін зорлық істердің бетін ашуды, ондай істерді жасаудан сақтанудың және елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, тұрмыс жағдайының жақсаруына, мемлекеттің мызғымас беріктігіне негіз болатын әділетті істерді істеудің маңыздылығын көрсетуді мақсат етуге бір басына тамаша тарихшы, жайсаң жазушы, кеменгер мемлекет қайраткері қасиеттері бірдей біткен бірегей тұлғаның ғана батылы жетеді.

Мухаммед Хайдар Дулати - қилы заманының қиын-қыстау жағдайында өткізген өмірінде елдің өсер өркенінің игілігі үшін ерен еңбек еткен, қаны мен терін төккен дара һәм дана шығармашылық тұлға.

ӘДЕБИЕТ

1. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди / Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Примечания и указатели Р.П. Джалиловой и Л.М. Епифановой. – Ташкент: Фан, 1996.